**Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 21 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда № 2369 болып тіркелді.Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 сәуірдегі № 88 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 02.04.2015 № 88( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т. Алдашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *А. Айдарбаев*

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігі

Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы
З. Сағынов

19 ақпан 2014 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2014 жылғы 19 ақпан № 21
қаулысымен бекітілген

## Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

| № | Автомобиль жолдың индексі | Автомобиль жолдарының атауы | Жалпы ұзындығы, шақырым |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | KR-1 | "Ақтау - Қаламқас" әуежайға кіреберіс | 278 |
| 2 | KR-2 | "Ақтау - Құйылыс (ПГМК)" | 44 |
| 3 | KR-3 | "Құйылыс (ПГМК) - Шетпе" | 45 |
| 4 | KR-4 | "Тасболат-Қарамандыбас" | 11 |
| 5 | KR-5 | "Жетібай-Қарамандыбас-Жаңаөзен" | 80 |
| 6 | KR-6 | "Сайөтес-Қарақұдық-Қызылсай" | 108 |
| 7 | KR-7 | "Форт-Шевченко – 43 шақырымға дейін Ақтау-Қаламқас" | 89 |
| 8 | KR-8 | "Форт-Шевченко-Таушық-Шетпе" | 161 |
| 9 | KR-9 | "Опорный - Сарықамыс" | 80 |
| 10 | KR-10 | "Фетисово" демалыс орнына кіреберіс (Кендірлі) | 5 |
| 11 | KR-11 | "Ақтау" әуежайға кіреберіс | 14 |
| 12 | KR-12 | "Ата жолы" | 97 |
| Барлығы | | | 1012 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК